

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 273 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10837 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8642 тіркелген, 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 14 (27635) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 273 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2013 жылғы 19 шілдедегі
№ 215-НҚ бұйрығымен бекітілген

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) өңірлік электр желілік компания – өңірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші ұйым;

3) өтінім – табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), оның

ішінде сараланған және инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы уәкілетті органның ведомствосына берген ресми өтініші (арызы).

5) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

б) уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті.

Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес қолданылады.

3. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) мынадай жағдайларда:

1) табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша;

2) уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша бекітеді.

4. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы өтінімдерді беру және шешім қабылдау кезінде, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаны орындау туралы есепті қарау кезінде уәкілетті орган мен табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағалар, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін (бұдан әрі – Ерекше тәртіп), табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларындағы, сондай-ақ бухгалтерлік есеп стандарттарын белгілейтін, салық заңнамасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2. Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын бекітуге өтінімді ұсыну және оны қабылдау

5. Табиғи монополия субъектісін құру немесе қайта ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ қолданылу мерзімін шектей отырып бекітілген тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданылу мерзімі аяқталған соң табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге өтінім ұсынады.

6. Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифті (бағаларды, алымдар ставкаларын) және табиғи монополия субъектілерінің

тарифтік сметаларын өзгертуге тарифтер және тарифтік сметалар туралы ақпаратты тексеру нәтижелері бойынша қорытындының негізінде бастамашылық жасайды.

7. Табиғи монополия субъектісі тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қолданысқа енгізгенге дейін өзінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған өтініммен бірге тарифтік сметалардың және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын, сондай-ақ "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-3-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) (қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерін және жаңадан құрылған табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда) және нормативтен тыс ысыраптар болған кезде оларды жою жөнінде іс-шаралар жоспарын күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей табыс етеді.

Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қайта қаралған жағдайда, тиісті талапты табиғи монополия субъектісі алған күннен күннен бастап экономикалық негізделген есептерді және жаңа тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту үшін өтінім берген кездегі көлемде өзге ақпаратты бір ай мерзімінде ұсынады.

Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) төтенше реттеуші шаралар ретінде қайта қаралған жағдайда, оның ішінде стратегиялық тауарлардың құнын арттыру кезінде табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге оларға ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік смета және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын ұсынады, бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы мұндай жағдайда қолданылмайды.

8. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге арналған өтінімге:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту қажеттігі туралы түсіндірме жазба;

2) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасы;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысан бойынша бухгалтерлік теңгерім (бұдан әрі – бухгалтерлік теңгерім);

4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысан бойынша пайдалар мен залалдар туралы есеп (бұдан әрі – пайдалар мен залалдар туралы есеп);

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 6452 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысан бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есеп (бұдан әрі – капиталдағы өзгерістер туралы есеп);

7) қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10125 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысан (1-е нысаны) бойынша еңбек жөніндегі есеп;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10125 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысан (2-Т кәсіп) бойынша жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша қызметкерлер жалақыларының мөлшері туралы есеп;

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10074 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысандар бойынша кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есеп (1-ӨҚ), шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін шағын кәсіпорын қызметі туралы (2-ШК) есеп;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10074 нөмірмен тіркелген) бекітілген нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жылға негізгі қорлардың жағдайлары туралы есеп;

12) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобасын есептеу үшін жиынтық деректер;

13) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нақты шығындарды негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, тарифтік сметаны орындау туралы есеп;

14) дебиторлық және кредиторлық берешектерді таратып жазу;

15) өзге және басқа шығыстарды таратып жазу;

16) бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба);

17) уәкілетті органның ведомствосы келіскен және өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын:

штат кестесінің және әкімшілік персоналының (жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен заңды тұлға болып табылатын немесе жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалармен аффилиирленген табиғи монополия субъектісінің) басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің шекті деңгейінің;

негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасының;

есепке алу саясатының болуын растайтын мәліметтер;

18) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері;

19) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау нәтижелері туралы мәліметтер;

20) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдері көрсетілген амортизациялық аударымдардың есебі;

21) Ерекше тәртіпке сәйкес тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін нақты жұмсалған шығыстар туралы мәліметтер;

22) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар, табиғи монополия субъектісінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндетіне және мүмкіндіктеріне, тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) деңгейін қолдану немесе көтеру мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып тауарлар өндірісі көлемінің есептері), тұтынушы сұранысын маркетингтік зерттеулері материалдары);

23) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы және оны нақты пайдалану туралы деректер;

24) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Қағидалардың 3-33-қосымшаларында көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы;

25) реттеліп көрсетілетін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) түсетін таза кірісті пайдалану туралы ақпарат;

26) амортизациялық аударымдарды пайдалану туралы ақпарат;

27) нормативтен тыс ысыраптар болған кезде оларды жою, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптарды уәкілетті органның ведомствосы белгілеген шамаға және мерзімде төмендету бойынша және экономикалық тиімділіктің деректері мен есебін қамтитын өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын іс-шаралар жоспарлары (электр энергиясын және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату, су шаруашылығы жүйесі, мұнайды

магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ таратушы жүйелер арқылы тасымалдау, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілері ұсынады);

28) қаржылық және техникалық сараптама қорытындылары қоса беріледі.

9. Инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге арналған өтінімге:

- 1) бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба);
- 2) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайданың есебі;
- 3) пайданы бөлу туралы ақпарат;
- 4) құзыретті орган растаған ұсынылатын қызметтердің жоспарланып отырған көлемдері;
- 5) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы деректер;
- 6) ақша ағысын бөлу туралы ақпарат;
- 7) инвестициялық тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасы;

8) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Қағидалардың 3-33-қосымшаларында көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі.

10. Тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шаралар ретінде бекітуге арналған өтінімге:

1) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекітудің себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Қағидаларға 34-қосымшада көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі. Бұл ретте стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, тарифтік сметадағы стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығын бабы ғана түзетіледі;

3) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар ретінде өтінімге конкурстық құжаттама, конкурстық (тендерлік) комиссиялардың тауарларды сатып алу жөніндегі шешімдері, шарттар, шот-фактуралар, шығындар деңгейінің есептері, алдағы кезеңге бекітілген нормативтік техникалық ысыраптардың болуы, стратегиялық

тауар құнының өзгеруі төтенше реттеуші шара ретінде тарифті бекітуге берген өтінімді ұсынуға себеп болып табылатын оның шығыс нормалары туралы ақпарат қоса беріледі.

11. Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтыну көлемдері және тұтынушылардың топтары бойынша сараланған тарифті бекітуге арналған өтінімге:

1) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттар;

2) жеке тұлғалардың сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді суды тұтыну көлемінің негізделген шамасының жобасы;

3) сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың суды тұтыну көлемінің негізделген шамасының есебі;

4) өтінім беруден алдыңғы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда тұтынушылар топтарының бөлінісінде (оның ішінде халық, бюджеттік ұйымдар, жылу энергетика саласындағы кәсіпорындар, өзге заңды тұлғалар) текше метрде (м³) суды тұтыну көлемі бойынша ақпараты;

5) өтінім беруден алдыңғы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда текше метрде (м³) суды тұтыну көлемі бойынша және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген адамдар саны, жеке есепке алу аспабы жоқ абонент үшін – әрбір абонент бойынша ақпарат;

6) өтінім беруден алдыңғы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда текше метрде (м³) суды тұтыну көлемі бойынша және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген адамдар саны, жеке есепке алу аспабы бар абонент үшін – әрбір абонент бойынша ақпарат қоса беріледі.

12. Есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар санының азаюына байланысты көрсетілген қызметтер көлемінің өзгеруі кезінде табиғи монополия субъектісі жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты, оның ішінде осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертпей сараланған тарифті бекітуге өтінімге мыналарды қоса береді:

1) есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты, оның ішінде осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертпей сараланған тарифтерді бекіту қажеттілігі туралы түсіндірме жазба;

2) есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтердің есебі;

3) негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, халықтың тобына жататын тұтынушылардың, оның ішінде үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және аспаптары жоқ (үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын

үй-жайларда, барак үлгідегі үйлерде тұрып жатқан халық тобына жататын жеке тұлға тұтынушыларды қоспағанда) тұтынушыларды бөліп көрсете отырып, жылу энергиясын тұтынушының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

4) басқа да тұтынушылардың, оның ішінде үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және аспаптары жоқ (үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық үй-жайларда, барак үлгідегі үйлерде орналасқан халық тобына жататын жеке тұлға тұтынушыларды қоспағанда) тұтынушыларды көрсете отырып, жылу энергиясын тұтынушының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

5) үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак үлгідегі үйлерде тұрып жатқан немесе орналасқан тұтынушылардың (оның ішінде жеке тұлғаларға және басқа тұтынушыларға бөліп көрсете отырып) жылу энергиясын тұтынушының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

6) үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық үй-жайлардың, барак үлгідегі үйлердің тізбесі.

13. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтердің деңгейлерін өзгертпей жылумен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді бекітуге өтінімді күнтізбелік жиырма күн ішінде қарайды. Қарау мерзімі өтінім берілген сәттен бастап есептеледі.

14. Өтінімге қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) өтінім материалдары тігіледі, нөмірленеді және табиғи монополия субъектісі басшысының мөрімен және қолымен расталады. Қаржылық құжаттарға табиғи монополия субъектісінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды және олар табиғи монополия субъектісінің мөрімен расталады;

2) негіздеуші материалдар ретінде өтінім беруден алдыңғы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

табиғи монополия субъектісі өтінім қарауға қабылдағаннан кейін уәкілетті орган ведомствосының талабы бойынша күнтізбелік он бес күннің ішінде уәкілетті органның ведомствосына өтінім берер алдындағы 4 тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақты деректерді ұсынады.

3) тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларға) оның ішінде сараланған тарифтерге көлемдердің маусымдық ауытқу әсерін болдырмау мақсатында бір жылға есептелген деректер негізге алынады;

4) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын есептеу кезінде базаға өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі немесе өткен күнтізбелік жыл ішіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты көлемдері алынады;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері төмендеген кезде төмендеуді негіздеуші және растаушы материалдар ұсынылуға тиіс;

б) табиғи монополия субъектісі жүзеге асыратын қызметтердің әрбір түріне жеке дайындалады.

15. Осы Қағидалардың 14-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген талаптар төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекіту жағдайына қолданылмайды.

16. Осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертпей жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді бекіткен жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның ведомствосы өтінім алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған негіздеуші материалдардың толықтығын тексереді және субъектіні өтінімді қарауға қабылдағаны туралы немесе өтінімді қараудан бас тартқаны туралы бас тартудың себептерін келтіре отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

Табиғи монополия субъектісінің өтінімін қараудан бас тарту себептері:

1) өтінімді ұсыну мерзімдерін бұзу;

2) осы Қағидалардың 7, 8 және 11-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

3) табиғи монополия субъектісінде уәкілетті орган бекіткен және (немесе) келіскен және өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын:

нормативтік техникалық ысыраптардың;

персоналдың нормативтік санының;

шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларының;

штат кестесінің және әкімшілік персоналының (жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен заңды тұлға болып табылатын немесе жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен аффилиирленген табиғи монополия субъектісінің) басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің шекті деңгейінің;

негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасының;

есепке алу саясатының болмауы;

4) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес келмеуі;

5) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық тарифті бекітуге өтінім беру жағдайларын қоспағанда, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамада белгіленген конкурс (тендер) өткізу туралы талаптарды, сондай-ақ өзге тәсілдермен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы талаптарды бұзуы;

6) шынайы емес ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсынуы болып табылады.

Табиғи монополия субъектісінің төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімін қарауға қабылдаудан бас тарту себептері:

1) осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

2) табиғи монополия субъектісінде бекітілген нормативтік техникалық ысыраптардың, стратегиялық тауарлар құнының өзгеруі, өтінімді ұсынуға себеп болған оның шығысы нормаларының жоқтығы болып табылады.

Инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге арналған табиғи монополия субъектісінің өтінімін қарауға қабылдаудан бас тарту себептері осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбау және осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 4), 5) және 6) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады.

17. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты өтінім беруші "коммерциялық құпия" деген белгімен ұсынады және жеке мұқабада жіберілуі мүмкін және өтінішті қарауға арналған ақпараттар (құжаттар) пакетіне енгізіледі.

Ақпарат құрамындағы коммерциялық құпия оны уәкілетті органның ведомствосына ұсынадан бас тартуға негіз бола алмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына ұсыну кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбесін бекіту туралы актісінің көшірмесін қоса береді.

3. Өтінімді қарау және тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту тәртібі

18. Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын уәкілетті орган ведомствосының талаптарына сәйкес экономикалық негізделген есептерді ұсыну жағдайы кезінде күнтізбелік елу бес күн ішінде қарайды. Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының), инвестициялық тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының), оның ішінде сараланған тарифтердің жобаларын қарау мерзімі өтінім берілген сәттен бастап есептеледі.

Уәкілетті органның ведомствосы төтенше реттеуші шаралар ретінде шешім қабылдау үшін табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

19. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларына табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау, сондай-ақ қызметтің ұқсас түрімен айналысатын табиғи монополия субъектілері қызметінің көрсеткіштерін салыстырмалы талдау негізінде сараптама жүргізеді.

Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісі ұсынатын тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) жобасын жария тыңдауларды жүргізу кезінде талқылауға шығарады.

20. Уәкілетті органның ведомствосы жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы шешім қабылдау кезінде уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларға 3-33, және 34 -қосымшаларда көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаны бір мезгілде бекітеді.

22. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын), инвестициялық тарифтерді бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы уәкілетті орган ведомствосының шешімі уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті орган табиғи монополия субъектісіне оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз бес күннен кешіктірмей жолдайды.

Осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтің шекті деңгейін өзгертпей жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді бекіту туралы уәкілетті органның шешімі уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосы олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Субъектіге жолдайды.

23. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды қолданысқа енгізу тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бекітілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

24. Уәкілетті орган ведомствосы инвестициялық тарифті (бағаны, алымдар ставкаларын) бекіту туралы өзінің шешімінде оның қолдану мерзімін көрсетеді.

25. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды төтенше реттеуші шара ретінде қолданысқа енгізу уәкілетті органның

ведомствосы белгілеген күнінен бастап жүзеге асырылады. Бұл ретте жаңа тарифті бекіту үшін он екі айлық уақыт кезеңі бұрын бекітілген тарифті (бағаны, алым ставкасын) жалпы тәртіппен қолданысқа енгізген күнінен бастап белгіленеді.

26. Табиғи монополия субъектісі тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгергені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында осы ақпаратты орналастыру арқылы олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізеді.

Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) төтенше реттеуші шаралар ретінде өзгертілген жағдайда, табиғи монополия субъектісі олардың өзгергені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізеді.

Табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертпей жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді енгізу туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілгенге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей аталған ақпаратты табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру арқылы тұтынушының назарына жеткізеді.

27. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына бес жұмыс күн ішінде тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпарат ұсынады.

28. Егер табиғи монополия субъектісі тұтынушыларды осы Қағидаларда көзделген мерзімде жаңа тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) енгізілетіні туралы хабардар етпесе, онда көрсетілген тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) уәкілетті орган ведомствосының шешімінде көрсетілген күнінен бастап енгізілмейді. Бекітілген тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту айынан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

29. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) төтенше реттеуші шаралар ретінде бекіту туралы шешім қабылдау кезінде осы Қағидалардың 23, 24, 28-тармақтарының талаптары қолданылмайды.

30. Уәкілетті орган ведомствосының өтінімді қарауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды,

алымдар ставкаларын) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешіміне табиғи монополия субъектісі немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушы заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде шағым жасауы мүмкін.

4. Тарифтік сметаны түзетулерді ескере отырып бекіту

31. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы жылдың аяғына дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тарифтік сметаны түзету туралы ұсыныспен өтініш бере алады.

Тарифтік сметаны түзету туралы ұсыныспен өтініш берген кезде табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына түзетулерді ескере отырып, тарифтік сметаның жобасын және бекітілген тарифтік сметаға түзетулер енгізуді негіздейтін материалдарды ұсынады.

32. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтік сметаны түзету бойынша құжаттарды ұсынылған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

5. Тарифті салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып бекіту және қолданысқа енгізу

33. Салыстырмалы талдау әдісі қолданылатын тариф салыстырмалы талдау әдісі қолданылатын тарифті есептеу әдістемесіне сәйкес бекітіледі және Заңның 15-2-бабында көзделген тәртіппен қолданысқа енгізіледі.

34. Салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, тариф бекіту үшін өңірлік электр желілік компания жыл сайын 31 тамыздан кешіктірмей:

1) уәкілетті органның ведомствосына негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, өңірлік электр желілік компаниясы болып табылатын табиғи монополия субъектілерінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштері туралы ақпаратты (осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

2) уәкілетті органның ведомствосына немесе табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне жергілікті жері бойынша енгізілген оның аумақтық органдарына негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, мына ақпаратты:

өткен күнтізбелік жылдағы электр энергиясын беру және тарату бойынша көрсетілген қызметтердің нақты шығындары мен көлемдері туралы ақпаратты;

алдағы бес және одан көп жылға арналған электр энергиясын беру және тарату бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған шығындары мен көлемдері туралы ақпаратты;

алдағы бес және одан көп жылға бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба) туралы мәліметтерді;

нормативтен тыс ысыраптар болған кезде оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

алдағы бес және одан көп жылға бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар туралы мәліметтерді береді.

35. Өңірлік электр желілік компания тарифтің өзгеруі туралы ақпаратты төтенше реттеуші шара ретінде бекітілген тарифті қоспағанда, тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізеді, оның өзгеретіндігі туралы ақпарат тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізіледі.

36. Жаңадан құрылған өңірлік электр желілік компания үшін электр энергиясын беру қызметіне тарифтердің есебі Заңға сәйкес оңайлатылған тәртіппен жүргізіледі.

Бақыланбайтын шығындар өзгерген жағдайда өңірлік электр желілік компания уәкілетті органның ведомствосына электр энергиясын беру қызметіне тарифті бекітуге арналған өтінімді осы Қағидаларға сәйкес төтенше реттеуші шаралар ретінде бекітуге ұсынады.

37. Өңірлік электр желілік компаниясы болып табылатын табиғи монополия субъектілерінің тоқсан (жыл) қорытындылары бойынша қызметі туралы ақпаратты өңірлік электр желілік компания осы Қағидалардың 36-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есептік тоқсаннан (жылдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей береді.

38. Өңірлік электр желілік компанияны қоспағанда, табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрінің бөлінісінде өткен күнтізбелік жылға бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы есеп береді.

39. Субъект тарифтік сметаны орындау туралы есепке өткен күнтізбелік жылдың мынадай материалдарын:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген кестені қоса бере отырып, тарифтік сметаны орындамау себептерінің түсіндірмесімен оны орындау туралы түсіндірме жазбаны;

2) бухгалтерлік теңгерімді;

3) пайдалар мен залалдар туралы есепті;

4) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылған жазбасын;

5) капиталдағы өзгерістер туралы есепті;

6) ағымдағы, күрделі жөндеулер мен басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығын сметаларын іске асыру туралы мәліметтерді;

7) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу бойынша конкурстық (тендерлік) комиссиялар шешімдерінің көшірмелерін;

8) тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) ұсынылатын төмендету коэффициенттері туралы ақпаратты;

9) нақты шығындарды растайтын басқа да материалдарды уәкілетті органның құзыреті шегінде қоса береді.

40. Тарифтік сметаны орындау туралы есепке қоса берілетін материалдар тігіледі, нөмірленеді және табиғи монополия субъектісінің мөрімен және басшысының қолымен расталады. Қаржылық құжаттарға табиғи монополия субъектісінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды және олар табиғи монополия субъектісінің мөрімен расталады.

41. Уәкілетті органның ведомствосы тұтынушылардың арыздары, шағымдары, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, мемлекеттік органдардың өтініштері бойынша және өз бастамасымен табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнама бұзушылығын бекітілген тарифтік сметаны орындамау, сол сияқты тарифтік сметаны орындау туралы жобаны және (немесе) есепті ұсынбау бөлігінде анықтап, мына іс-қимылдардың бірін қабылдау мүмкіндігін қарайды:

- 1) қолданыстағы тарифтік сметаға өзгеріс енгізуге бастамашылық жасау;
- 2) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ден қою шараларын қолдану;
- 3) уақытша өтемдік тарифті белгілеу.

Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына 1-қосымша нысан

Субъектінің атауы _____

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобасын есептеу үшін жиынтық деректер 20__ жылғы __ жағдай бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) түрінің атау

№ р /с	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Қолданыстағы тарифтік сметада қабылданды	Алдыңғы аяқталған жылдың нақты көрсеткіштері	Алдыңғы 4 аяқталған тоқсанның нақты көрсеткіштері	Субъект жобалайтын көрсеткіштер
1	2	3	4	5	6	7

I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге				
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде					
1.1	Шикізат және материалдар	- "-				
1.2	сатып алынатын бұйымдар	- "-				
1.3	ЖЖМ					
1.4	отын					
1.5	энергия					
2	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде	- " -				
2.1	Өндірістік персоналдың жалақысы					
2.2	Әлеуметтік салық	- " -				
3	Амортизация	- " -				
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде					
4.1	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу					
5	Өзге шығыстар (таратып жазу)	- " -				
II	Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде	- " -				
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде :	- " -				
6.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы	- " -				
6.2	Әлеуметтік салық	- " -				
6.3	Салықтар	- " -				
6.4	Өзге шығыстар (таратып жазу)	- " -				
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	- " -				

III	Қызметтерді ұсынуға арналған барлық шығындар	- " -				
IV	Табыс (АРБ*ПС/(1-(КТС /100))	- " -				
V	Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ).	- " -				
VI	Барлық табыстар	- " -				
VII	Көрсетілетін қызметтердің тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	(заттай көрсеткіштерде				
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	% заттай көрсеткіштерде				
IX	Тариф	көрсетілетін қызмет тердің (тауарлардың, жұмыстардың) бірлігі не теңге				

	Анықтамалық:	
8	Персоналдың орташа тізім бойынша саны,	адам
	оның ішінде:	
8.1	өндірістік	- " -
8.2	әкімшілік	- " -
9	Орташаайлық жалақы, барлығы, оның ішінде	теңге
9.1	Өндірістік персонал	- " -
9.2	Әкімшілік персонал	- " -
10	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу	мың теңге
11	Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)	- " -
12	Шаруашылық тәсілмен орындалатын ағымдағы (жоспарлы-ескерту) жөндеу, барлығы, оның ішінде	- " -
12.1	Жөндеуге арналған материалдар	- " -
12.2	жалақы	- " -
12.3	әлеуметтік салық	- " -

* шығындар қажет болған жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолдары:

Бас бухгалтер Басшы

Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді

(бағаларды, алымдар ставкаларын)
және тарифтік сметаларды бекіту
қағидаларына 2-қосымша
нысан

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаларының орындалуы туралы есеп Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: TCOT

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынады: өңірлік электр желілері компанияларын қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілері

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті

Ұсыну мерзімі – өңірлік электр желілері компанияларын қоспағанда, жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

р/с №	Тарифтік сметадағы көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты болған көрсеткіші	Ауытқу %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7

Ұйымның атауы _____

Мекен-жайы _____

Телефоны _____

Электрондық поштаның мекен-жайы _____

Орындаушының тегі және телефоны _____

Басшысы _____

(Т.АЖ. қолы)

Күні 20 жылғы " __ " _____

М.О.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаларының орындалуы туралы есепті дайындау тәртібі туралы әкімшілік деректерді алу үшін белгіленген нысандарды толтыру жөніндегі түсіндірме

1. Жалпы нұсқаулық

Осы түсіндірме реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаларының орындалуы туралы есепті өңірлік электр желісі компаниясын қоспағанда, табиғи

монополия субъектілері дайындау үшін белгіленген. Уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бойынша бекітетін кірістер мен шығыстар баптары, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және уәкілетті органның ведомствосы бекіткен нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері.

Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) жобаларын, оның ішінде сараланған тарифтерді бекіту туралы өтінімді беру және шешім қабылдау, сондай-ақ тарифтік сметалардың орындалуы туралы есепті қарау кезінде уәкілетті органның ведомствосы және табиғи монополия субъектісі ерекше тәртіпті, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді, тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) оның ішінде сараланған тарифтерді есептеудің салалық әдістемесін қоса отырып, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) тарифтік сметаларын орындалуы туралы есепті қарау кезінде және бухгалтерлік есеп, салық заңнамасы стандарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын бекіту, төтенше реттелетін шаралар ретінде тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) мен тарифтік сметаларды бекітуді және осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, он екі айда бір реттен жиі жүргізілмейді. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды қолданысқа енгізу тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бекітілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес, табиғи монополия субъектісі өңірлік электр желісі компаниясын қоспағанда, тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей табыс етуге міндетті.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1-баған – тарифтік сметалардың нөмірлік көрсеткіштері рет-ретімен;

2-баған – уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бойынша бекітетін кірістер мен шығыстар баптары, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және уәкілетті органның ведомствосы бекітетін тарифтік сметалар

көрсеткіштерінің атауы көрсетілетін нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері;

3-баған – тарифтік сметаларды өлшеу көрсеткіштерінің бірлігі көрсетіледі;

